22275913270

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 қаңтар №4360-24-00-2/3643 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Көшеней Рүстембеков атындағы жыраулар үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Боранбаева» атауымен әрекет етуші Нургуль Оразбаевна Боранбаева жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қармақшы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Көшеней Рүстембеков атындағы жыраулар үйі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер «Боранбаева» атауымен әрекет етуші Нургуль Оразбаевна Боранбаева жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Боранбаева» атауымен әрекет етуші «Боранбаева» атауымен әрекет етуші Нургуль Оразбаевна Боранбаева жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Боранбаева» атауымен әрекет етуші Нургуль Оразбаевна Боранбаева жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 28.01.2025
Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 12.03.2025

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А. Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 28.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 12.03.2025, судья Елшібеков Б. Е., 12.03.2025

4360-24-3-1/3836